

Қазақстан Республикасы мен Азиялық Даму Банкі арасындағы займ туралы келісімді (Ауыл шаруашылығына арналған бағдарламалық займ) жасау және жүзеге асыру үшін жағдай туғызу жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 27 қараша N 1599

Елдің агроөнеркәсіп кешенін дамытуға мемлекеттік көмек көрсету, реформалардың орта мерзімді бағдарламасына Азиялық Даму Банкінің займын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Азиялық Даму Банкінің селодағы орта мерзімді бағдарламаға 100 млн. АҚШ доллары сомасындағы қаржысы бюджеттің кіріс бөлігіне түсіп, агроөнеркәсіп кешенін дамытудың инвестициялық жобаларына мақсатты тәртіппен жұмсалады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Экономика министрлігімен бірлесіп басым жобалар мен займдардың аталған инвестициялық тізбесін он күн мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізетіні ескеріліп, 1996 жылға арналған елдің басым инвестициялық жобалар тізбесі мен орта мерзімді перспективаны айқындау кезінде аталған инвестициялық жобалар назарға алынсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1996 жылғы арналған бюджетті әзірлеу кезінде бюджеттің шығыстарына осы займның бірінші бөлігінің қаржысын пайдаланудың бөлек көрсетілуін қарастырсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылықтың арнайы валюталық шотын ашсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет, Кеден комитеті, Әділет министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Азиялық Даму Банкі арасындағы келісімді тезірек бекіту және займның бірінші бөлігінің қаржысын алу үшін барлық қажетті шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан бұл займ жөніндегі займшы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қазынашылығы тұлғасында Қаржы министрлігі болып табылады деп белгіленсін.

5. Займшының қаржысы ақырғы займшыға займ қаржысын сөзсіз қайтару (займ бойынша төлеу кестесіне сәйкес), өте өтімді, нық және белгіленген тәртіппен расталған кепілдіктері бар шарттар сақталған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметіне

оның кепілдемелік міндеттемелері үшін екі проценттік комиссиялық төлем төленген жағдайда беріледі деп белгіленсін.

6. Займ қаржысына басым инвестициялық жобаларды таңдау,

конкурс жариялау шарттарын айқындау және осы қаулының 5-тармағындағы шарттарға сәйкес қайтарым қағидаларын сақтау мақсатында конкурстың шарттарын, іріктеу және қаржы қайтарымы тетіктерін әзірлеу жөніндегі конкурстық комиссия мынадай құрамда құрылсын:

Есімов А.С. - Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің орынбасары - басшы
Өтембаев Е.А. - Қазақстан Республикасы Үкіметі
Аппаратының Басшысы-басшының
орынбасары

Комиссия мүшелері:

Павлов А.С. - Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
Шөкеев Ө.Е. - Қазақстан Республикасының
Экономика министрі
Кәріпжанов Ж.С. - Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
Крепак П.И. - Қазақстан Республикасының
Еңбек министрі
Колпаков К.А. - Қазақстан Республикасының
Әділет министрі
Мыңбаев С.М. - Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің орынбасары
Марченко Г.А. - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкі төрағасының орынбасары
Жаназаров С.Қ. - Қазақстан Республикасының Қаржы
министрлігі жанындағы Шетел
капиталын пайдалану жөніндегі
комитетін басқарма бастығы
Штойк Г.Г. - Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және сауда министрі

Комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне бір ай

мерзімде тиісті ұсыныстарын енгізсін.

7. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Қаржы министрлігі жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетімен бірлесіп. Селодағы реформаларды жүзеге асыру жөніндегі шаралардың жоспарын, сондай-ақ аталған шаралардың жүзеге асырылуына бақылау жасауды қамтамасыз ететін Үкімет

комиссиясының жеке құрамын Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне бір ай мерзімде енгізсін.

8. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Есімовке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі